

25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді еліміздің ұлттық мерекесі Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Айтулы мерекенің араға ондаған жылдар салып қайта оралуын халық жақсылықтың нышаны ретінде қабылдайды.

25 қазан – қазақ халқы үшін тарихи күн. 1991 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болды. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын бұл күн – қазақ халқының мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы. Бұл күн – ата-бабаларымыз аңсаған арманының жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған күн.

Бүгінде әлемнің алпауыт елдері мойындаған Қазақстан Республикасының қалыптасу кезеңі өте күрделі. Ұлан-байтақ алқапты алып жатқан қазақ даласы аса ауыр кезеңдерді бастан өткерді. Біздің ата-бабаларымыздың сан ғасырлар жүріп өткен жолы, бұралаң соқпақтары табиғат тағдырдың қазақ халқына берген сынақтары іспетті.

Осындай сынақтардан қазақ халқы сүрінбей, тізесі бүгілмей, еңсесін биік ұстап, аман-есен өтті. Тағдырдың бұл сынақтары қазақ халқын ширатты, шыңдады. Рухы биік, ер халық намысын ешкімге тапталпады. Ғасырлар бойы дербес, тәуелсіз мемлекет болуды аңсаған ата-бабаларымыздың арманы 1991 жылы орындалды. Әлем тарихында тұңғыш тәуелсіз Қазақстан Республикасы пайда болды.

Дәуіріміздің шежірелі жылдарында үлкен жетістіктерге жеткізген ұлы күш – елдің бекем бірлігі. Баянды болашаққа бет алған тәуелсіз Қазақстан Республикасы – ортақ жетістігіміз, ортақ мақтанышымыз!

Республика күні мерекесі құтты болсын! Баршаңыздың отбасыңызға амандық, елімізге тыныштық, береке мен бірлік тілеймін!

Асқарбек Есжанов
Жалағаш ауданының әкімі

Бәрекелді!

Ұлттық мерекеге толымды тарту

Жұма күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданына іссапармен келді. Сапар аясында аймақ басшысы алдымен аудандағы Сыр өңірінің болашақ дарынды балаларын, өнерлі өрендерін оқытып, тәрбиелейтін маңызды білім беру ордалары оқушылар үйі мен өнер мектебінің ашылу салтанатына қатысты.

Иә, бұл ұлттық мереке республика күнінде жалағаштықтарға ерекше тарту болды. Енді ауданда 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі жалағаштық талантты балалардың талабын шыңдайтыны сөзсіз.

Жаңа нысанның ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындардың қуанышына ортақтасып, жұмысына сәттілік тіледі.

– Бүгін есің айкара ашқан оқушылар үйі мен өнер мектебі ел дамуына елеулі үлес қосар азаматтарды тәрбиелеп шығаратын киелі өнер ордасына айналады деп үміттенемін. Балаларымыз жаңалыққа қуансың, ата-аналарымыз жақсылыққа жұбансын! Әр отбасына бақыт, жақсылық, амандық тілеймін, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, аумағы 29 мың шаршы метрді құрайтын ғимаратқа «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы республикалық бюджеттен 431,5 млн теңге қаржы бөлінген. Жаңа нысанда алдағы уақытта 35-ке жуық маман жұмыс жасайды. Оқушылар үйінде 390 бала болса, өнер мектебінде 85 бала бар. Бүгінде оқушылар үйінде 13, өнер мектебінде 7 үйірме жұмыс жасайды. Қазір мұндағы үйірмелерде тәлім алатын балалардың жеткен жетістігін тізе берсек, өз алдына бір еңбекке жүк болары анық. Ал бұл



жаңа нысан ондағы балалардың сол жетістікті еселеуіне үлкен сеп болары тағы да анық.

Жаңа нысанның ашылу салтанатында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев те қос өнер ордасының жұмысына сәттілік тілеп, аймақ басшысына алғысын білдірді.

– Жалағашта ұлттық мереке Республика күні ерекше атап өтілуде. Бүгінгі шара бұл сөзімізге тұздық болары анық. Міне, мемлекет болашағын жастармен, өскелең ұрпақпен байланыстыратын ел осындай қадамға барса керек. Жастардың талабын шыңдайтын бұл орданың ашылып, ел игілігіне берілуі бізді қуанытып отыр. Ал жобаның аяқталу мерзіміне келсек, тым созабақ салынғанын да жасыра алмаймыз. Осы нысанның жұмысын бастауына, ел игілігіне берілуіне бастамашы болған аймақ басшысына аудан халқының атынан алғысымды білдіремін. Жаңа нысан халықтың қажетіне жарасын. Өрендердің талабын шыңдап,

олардан тәуелсіз мемлекеттің болашағына жұмыс жасайтын бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастырсын. Мереке құтты болсын. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемен елдің ертеңі жарық болсын. Осының барлығы тәуелсіздіктің жемісі деп білемін, – деді Садық Әлиев.

Аймақ басшысының ауданға жұмыс сапары Таң ауылында жалғасын тапты. Мұнда да ұлттық мереке Республика күніне тарту ретінде жаңа дөрігерлік амбулатория ел игілігіне берілді. Игі шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ауыл тұрғындарын ұлық мерекемен құттықтады.

– Жалағаш ауданындағы іргелі елді мекен Таң ауылы тұрғындарының көптен күткен көкейтесті мәселелерінің бірі шешімін тауып, жаңа медициналық нысан пайдалануға берілуде. Жаңа емдеу орнында ербір дәрігер елге адал қызмет етіп, науқастың дертіне дауа, көңілге рауан беріп, денсаулығын жақсартуға атсалысады деп сенемін. Егемен еліміздің еңсесі биік, тәуелсіздігі нық

болсын! Мереке құтты болсын, – деді Н.Нәлібаев.

Ауыл халқының игілігіне қызмет ететін медициналық нысан «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы 140 млн теңге қаржыға салынған. Жаңа нысанда 1 дәрігер, 10 орта буын қызметкері, 2 кіші буын қызметкері ауыл тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетеді.

Жалпы Таң ауылының даму динамикасына келсек, тарқатып жазар дүние көп. Әсіресе бұл ауылда түрлі жарқын жобалардың жүзеге асуы жергілікті тұрғындардың тұрмыс сапасына да оң әсерін тигізуде. Кешегі аймақ басшысының халықпен кездесуінде «Таң ЛТД» ЖШС төрағасы Имамзада Шағыртаевтың туған жерге тағзым ретінде жасаған ербір өнегелі ісі де Нұрлыбек Нәлібаевтың сөзіне арқау болды. Облыс әкімі Танды түлеткен азаматтан да, ауылдың даму көрсеткіштерінен де өзгелер үлгі алуы керектігін ерекше атап өтті.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

Алтын дән – 2022

2022 жылғы 23 қазан	
10.00 - 11.00	Республика күні және "Алтын дән - 2022" мерекелік шарасы /Л.Хазантөев атындағы мәдениет үйі/
11.00 - 18.00	Республика күні және "Алтын дән - 2022" мерекесіне орай Республикалық ақпараттық жиналыс /Л.Хазантөев атындағы мәдениет үйі/
19.00	Республика күні және "Алтын дән - 2022" мерекесіне арналған гала-концерт, мәдени-көпшілік сұрылу /Жалағаш кенті, орталық алаң/



Халық асыға күткен жәрмеңке

Ел қыстық азығын қамдап алатын жәрмеңкені жалағаштықтардың биыл асыға күткені көрініп-ақ тұр. Базар нарығынан 15-20 пайыз төмен сатылатын ауыл шаруашылығы өнімдеріне елдің ерте келетіндей жөні бар. Себебі өздеріңіз білетіндей, былтыр тұрмыста тұтынатын басқа да заттарды былай қойғанда, жауапты мекемелердің қатаң бақылауында дейтін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері де шарықтап кетті. Бұған кімді кіналайсыз, сатушы мен өндірушіге уәж айтсаң, «бейнетін көрмегесін түсінбейсің» деп қысқа қайырады. Бұған қарсы тағы бірдеңе дейін десең, сөзіңіз жаны бар. Қазір бәріміз бақша егіп, оның бейнетіне төзгеннен осындай жәрмеңкелерде дайын өнімді сатып алғанды күп көреміз. Тұрмыста тұтынатын өнім бағасы қымбаттаса, құнқілдейтініміз тағы бар.

Бүгінгі жәрмеңке бұрынғы жәрмеңкелерден расында бөлек болды. Бұл жолы «Бағасы нарықтағы бағамен бірдей» дегендей, жергілікті тұрғындар тарапынан ешқандай өкпе-наз айтылмады. Керісінше келген көлігін мейлінше осындағы арзан әрі сапалы өнімге толтыруға қам қылды. Өзіміз де жәрмеңкеде халыққа ұсынылған өнімдер бағасымен танысып шықтық. Расында қыстық азығын қамдауға елдің еңгелітіндей реті бар екен.

Кент тұрғыны Рысты Күзәнбаеваның «Алтын күз» мерекесі қарсаңында ұйымдастырылатын жәрмеңкеде молынан ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алып жүргеніне бірнеше жыл болыпты. Жалағаштық батыр ана бүгінгі шарада расында барлық өнімнің арзан сатылғанын жасырмады. Бүгінгі жәрмеңкеде ол үйіне 5 қап картоп, 1 қап сәбіз бен 3 қап пияз сатып алыпты. Бір айлық зейнетақысына 1 қыс, 1 көктемге жететін азығын қамдаған ардагер ұйымдастырушылардан алғысын аямады.

– Несін жасырайық, бұған дейін де бірнеше жыл қатарынан жәрмеңкеге келіп, бірқатар өнім алып кететінім. Сонда нарықтағы бағадан ондағы

өнімдер бағасында айтарлықтай айырмашылық байқамадым. Ал биыл ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде бақша өнімдері мен көкөніс құны айтарлықтай шарықтағанын жақсы білеміз. Кешегі жазда маусымында көкөніс, қауын-қарбыз бағасы мүлде түскен жоқ. Шыны керек, мұнан кейін бүгінгі жәрмеңкеге менде айтарлықтай құлық болмады. Себебі жай күндері базар нарығымен бағасы бірдей жәрмеңкелер өткенде, өнімдер құны шарықтаған тұста мен арзан өнім күткен жоқпын. Өзім қаладағы туыстарымыздың тойына бара жатып бұрыла салдым. Мұндағы өнімдер бағасының тым арзан екенін көріп, қысқа, көктемге жететін мол азығымыз алдым. Бұл қарапайым халыққа айтарлықтай тиімді. Қалтаға да салмақ емес, сапасында да мін жоқ. Ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін. Бір сөзбен айтқанда, жәрмеңкені шын сезіндім, – дейді ардагер апамыз.

Бұрын аудан немесе облыс орталығында тұратындар ауылға барып арзан өнімдер сатып алса, кешегі жәрмеңкеде сауда жасауға келген ауыл тұрғындары да көрінді. Осыдан-ақ мұндағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің

айтарлықтай арзан екенін айқын аңғаруға болады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасымен танысып келеміз. Расымен көңілге қонымды. Орталық стадионның бергі басынан түскеніміз жаңа еді, бір қарасаң, сөре-сөре өнімдердің шетіне келіп жетіпті. Бергі басынан жаңадариялықтар сапалы бақша өнімдерімен қарсы алса, аргы шетінде тоқтылар мен біршама мал азығы бар екен. Олардың да бағасы қалтаға қонымды. Шыны керек, арзан бағаны біле сала біз де сауда жасауға бел будық. Көлікке 8 қап картоп пен 4 қап пиязды қотарғанымыз сол еді, «Әлібідің картобы қайда?» деген жасы сексенге таяған қарияның дауысы жетті құлағымызға. «Әй бала, сен саудам жүрсің деп мені алдап тұрған жоқсың ба?» дейді қария қатқыл дауыспен «Осы» деген сатушыға. Әліп ақсақалдың күмәнданатындай реті бар екен. Себебі ол кешеге дейін Әліби Бекжановтың шаруашылық жерінде бапталған өнімді тұтынып келіпті. Қариялардың көбісі елге елті әрі өнімді өзегінен танитын болып келеді ғой. Бұл көкем де сол сұрыптан екен.

Бұл аудан іргесіндегі Ақсу ауылының тұрғыны Оңғар Алпазов екен. Қарияның сатушының сөзіне күмәнмен қарайтындай реті бар, бірақ алдындағы өнім толған ербір қапты таразыға тартып тұрған сатушы да алдамапты. Осыған дейін арзан бағада қап-қап картопты халық қалаулысы Әліби Бекжанов жергілікті тұрғындарға тым арзан бағада үлестірген. Бірақ ол өнімнің басқа сұрпы екен. Бүгінгі жәрмеңкеге «Ер-Әлі» ШҚ картоптың басқа сұрпын әкеліпті. Сапада мін жоқ, бағасы да арзан. Оңғар ақсақалдың 6 қап картоптың ақшасын төлегені сол еді, немересі жылдам оны көлігіне тиіп алды.

Таң атысымен мұндағы сауданың көркін қыздырған халық көп болған. Арада бір-екі сағат өткенде олардың саны еселенді. Бәрі арзан әрі сапалы өнімге көл жеткізудің қамымен жүр. Тіпті кейбірі ағайын-туыс, дос-жарандарына мұндағы бағаның арзан екенін айтып шақырады. Міне, осыдан-ақ бұл жәрмеңкенің қай дегендей ұйымдастырылғанын және оны халықтың қалай күткенін аңғару қиын емес шығар.

Айта кетейік, күні кеше Республика күні мен «Алтын дән – 2022» мерекелік шарасы аясында жәрмеңкеге кент және ауылдық округтерден 60 автокөлікпен Сыр маржаны, балық, картоп, сәбіз, асқабақ және сүт, ет, бақша өнімдері, ара балы, жем-шөп, уақ мал барлығы 230 тонна ауыл шаруашылығы өнімдері жеткізіліп, тұрғындарға арзан бағада ұсынылды. Ауыл шаруашылығы бөлімі берген мәліметте өнімдер бағасы нарықтан 10-15 пайыз төмен деп көрсетілген. Алайда бізге одан да төмен сияқты көрінді. Халық та риза, сатушының да көңілі тоқ.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ


Аңдампа

Маңызы артқан мереке

Әлі күнге өз шекарасы жоқ елдер бар. Ол елдер өздерінен зор елге бодан болып, бұғауында булығып отыр. Шекарасын шегендеп алған елде арман бар ма?! Қай ұлт та өзінің азаттығын, тәуелсіздігін, еркіндігін өз шекарасының ішінде ғана сезінеді. Өз шекарасының шеңберінде тұрған ел ғана өз алдына дербес республика атанады.



Сұхбат



Аудан тарихымен біте қайнасқан, адамзаттың рухани тыныс-тіршілігінің көзі – аудандық кітапхана ісі бүгінде жүйелі жұмыс істеп тұр. Оқырман талғамынан шығатын кітап қорын көбейтіп, ішкі жүйені заманға сай жетілдіре білді. Ғасырға жуық тарихы бар рухани ордада соңғы жылдары көптеген өзгерістер орын алды. Ал осы кітапхана ісін дөңгелентіп отырған кітапханашылардың еңбегі бір бөлек еңгіме. Кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретің, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы – кітапханашылар. Бұл кәсіптің беделі де, мамандардың ынта-ықыласы да жоғары болғанымен, көп аса елеңе бермейтін. Енді міне, бұл күндер артта қалды, кітапханашылар үшін кәсіби мереке күні белгіленді. Жыл сайын 22 қазан кітапханашылар күні болып атап өтілмек. Біз де мереке қарсаңында аудан халқын ұлт болмысын айқындайтын, тарихи маңызы бар, сондай-ақ ел үшін құнды дүниелермен қамтамасыз етіп отырған кітапханаға бас сұғып, мекеме басшысы Ұлмекен Меңдібаевамен әңгімелескен едік. Сұхбат барысында соңғы өзгерістер жөнінде бір-неше сауалымызды жолдадық.

Кітапхана – рухани құндылықтар ордасы

– Ұлмекен Әбілтайқызы, аудандық кітапхананың аудан тарихында алатын орны ерекше. Біруақ өткенге көз жүгіртіп, бұл орталыққа кімдер басшылық жасағанын еске түсірсек...

– Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің негізі ауданның құрылуымен тұспа-тұс, яғни 1939 жылы қаланды. Архив құжаттарында 1946 жылы кітапхана меңгерушісі Базаркүл Сәрсенбаева, 1948 жылы Андақұлова болғаны туралы дерек бар. Ал 1950 жылы аудан кітапханаларындағы кітап қоры 20 мың дана болып, кітапхананы Демеш Ормаханова басқарды. 1979 жылы аудан кітапханалары «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» болып қайта құрылды. Штат бірлігі көбейіп, мұнда кітаптарды жинақтау және толықтыру, әдістеме-библиогра-фиялық және оқырмандар бөлімі ашылды. Кейін, яғни 1953-1975 жылдары аралығында кітапханалар саны 31-ге жетіп, кітап қоры 120 мың дана болса, 1975-1990 жылдары кітапханалар саны 33-ке көбейіп, кітап қоры 220 мың данаға жетті. Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі құрылғаннан бастап Роза Исабекова, Алмагүл Қойшығұлова, Баян Телегенқызы кітапханалар жүйесінің директоры болып жұмыс істеді. 2012 жылдан бастап бұл салаға өзім басшылық жасап келемін.

Жалпы адамзаттың рухани тыныс-тіршілігінің көзі болып табылатын кітапхана қазіргі кезде әр адам үшін білімін жетілдіруге, ақпараттық қажеттіліктерін ақысыз қанағаттандыруға, қызығушылығы ортақ мүдделестермен кездесу алаңына, тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін орталыққа айналып отыр. Жаңғырған әлемнің жаңарған келбетіне айналған Жалағаш аудандық кітапхана ғимаратына 2019 жылы республикалық «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында қажетті қаржы бөлініп, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл да болса кітапхана ісінің алға басуына, қызметкерлердің талапқа сай ғимаратта оқырманға сапалы қызмет көрсетулеріне мүмкіндік берді.

Ал қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес. Жұрт көп біле бермейтін, көп елеңе бермейтін, бірақ дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі ушаң-теңіз. Сондықтан біз кітапханашылардың еңбегін бағалай отырып, біліміңіз бастауы кітаптың мәртебесін көтеруген бірге, елімізде болып жатқан әрбір оқиғалардың насихатшысы кітапхана-шылардың еңбегін де айтпай кете алмаймыз.

– Жоғарыда атап өткен бөлімдердің қызметіне толығырақ тоқталсаңыз...

– Әрине бұл бөлімдердің барлығының түпкі мақсаты оқырман талабынан шыға білу, сұранысын дер кезінде қамтамасыз етуді көздейді. Мәселен, кітаптарды жинақтау және толықтыру бөлімі кітапханаға түскен жаңа кітаптардың өңделуін қамтамасыз етеді. Бұл кітаптар дер кезінде аудандық кітапхана мен барлық ауылдық кітапханаларға таратылады. Жыл соңында замануы ескірген және тозығы жеткен кітаптар кітапханалар есебінен шығыс-талады. Ал сирек кездесетін кітаптар мен жұмыс барысында ел ішінен жинақталған құнды қолжазбалар мен кітаптар өлі де жиналу үстінде. Әдіс-тәме-библиография бөлімінде кітапханаларға әдістемелік-тәжірибелік көмек көрсетіле отырып, кітапханалардың қызметін талдап және жоспарлау жұмыстары жүргізіледі. Кітапхана ісі мәселелері бойынша кеңес береді. Орталық кітапхананың әдістемелік жұмысы жоспарланып, кітапханаларда болу кестесі жасалады. Бөлім кітапханалар қызметтерінің жоспарларын жасауға есептерді, статистикалық көрсеткіштерді сараптауға көмек көрсетеді. Жыл көлемінде жүйенің өзге құрылымдық бөлімше-лерімен жұмысын үйлестіреді, басқа кітапханалармен ұйымдармен іскерлік байланысты жүзеге асырады. Ал оқырмандар бөлімі аты айтып тұрғандай, оқырмандарға сапалы қызмет көрсетеді. Басты мақсаты барлық деңгейдегі пайдаланушыларға ақпарат беру, талаптарын тез және сапалы орындау болып табылады. Оқырмандардың оқуға және кітапқа деген тұрақты қызығушылығын қалыптастырады.

– Ал кітапханаға оқырман тар-ту және көпшіліктің кітапқа қызығушылығын арттыру бағытында қандай шаралар атқарылууда?

– Ұлттық рухани құндылықтарды, жеке тұлғалардың өмір жолымен таныстырып, жас ұрпаққа кеңінен насихаттап, кітапхана мен оқырманды, оқырман мен белгілі тұлғалар арасын жақындастыру мақсатында «Рухани қазына» кіші бағдарлама аясында «Цифрлы Қазақстан», «Жүрек жылуы», «Жас қалам», «Цифрлы Қазақстан – кітапхана дамуына жаңа серпін» және «Өркеніетке бастаған туған өлке» атты жобалар аясында жұмыстар жүргізіліп келеді.

Мұнымен қоса кітапхана ұжымы түрлі бағыттағы мәдени-көпшілік шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырып, оқырмандар ықыласына бөленіп келеді. Әсіресе қоворкинг орталықтарының ашылуы оқырмандар

үшін жақсы жаңалық болды. Сонымен бірге 23 сәуір – Бүкіл дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні мен 2022 жыл – Балалар жылы аясында «Кешкі кітапхана әлемі» атты мәдени акция ұйымдастырылды. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының – 150 жылдығына орай «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында жыл бойына көптеген іс-шара ұйымдастырылып, ақын, зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері А.Байтұрсыновтың шығармашылығы оқырмандарға таныстырылса, «Кітап оқып, өзіңді шыңда» атты аудандағы мекеме қызметкерлері арасында кітап оқу байқауы да назардан тыс қалмады. 2022 жыл – Балалар жылына орай «Бала бақыты бөрінен қымбат» тақырыбымен ашық есік күні, «Кейіпкерлер әлемі» атты кітап сыйла акциясы «Туған жердің тарихы мен сәулеті» байқауы, «Бірге оқимыз, бірге ойнаймыз» спорттық рандеву, «Мен және менің отбасым» тақырыбында аймақтық эссе жазу байқаулары ұйымдастырылды.

Біздің кітапхана жұмысының жетістігі де жоқ емес. Жасалған әрбір жүйелі іс қалай нәтижесін берсе, солай кез келген салада белгілі бір деңгейде жетістікке жетуге болады. Мәселен, «Рухани қазына – 2022» республикалық фестивалінде Аққұм ауылдық кітапханасы «Үздік ауылдық маңызы бар кітапхана» номинациясын иеленсе, Мәдениет ауылдық кітапханасы «Jana kitapshana – 2022» республикалық онлайн байқауына қатысып, «Заманауи кітапхана» номинациясы бойынша Қазақстан Республикасының үздік кітапханасы атағына ие болды.

– Цифрландыру жүйесі уақытты тиімді пайдалануға, істі ілгерілетуге мүмкіндік бермек. Осы тұста электронды кітапхананың тиімділігін сөз етсек...

– «Цифрлы Қазақстан» жоба-сының негізгі мақсаты ақпараттық жүйелерді қалыптастыру, жетілдіру, азаматтардың тиісті ақпараттарға қолжетімділігін қамтамасыз ету болмақ. Бұл ретте аудандық кітапханалар жүйесі біршама жұмыстар атқарауда. Кітапхана «РАБИС» бағдарламасының «Каталогизатор» модулі бойынша кітаптардың библиографиялық сипаттарын жүйеге енгізіп, әдебиеттерді электронды ката-логқа құю арқылы жұмыс жасауда. Сонымен қатар қазіргі заман талабына сай жоғары сұраныстағы құнды кітаптар мен өлкетану әдебиеттерін электронды форматқа көшіру процесі арқылы жұмыс жүргізіліп, кітаптар сандық форматқа көшірілуде. Мәдени, рухани, ақпараттық білім беру орталығы саналатын ауыл кітапханасын

заман талабына сай жаңаша жабдықтау мақсатында бұған дейін Бұқарбай батыр, Таң, Аққұм, Мәдениет, Есет батыр, Еңбек ауылдық кітапханалары «Модельді ауылдық кітапхана», Жаңадария, Т.Жүргенов, М.Шәменов ауылдық кітапханалары модельді ауылдық кітапхана статусына ие болды. Сондай-ақ Бұқарбай батыр, Есет батыр ауылдық кітапханалары «Мобильді мультимедиялық кітапхана» болып ашылды. Аудандық кітапханада оқырмандар үшін Мегалайн жүйесі арқылы ғаламтор қызметін тегін пайдалану мүмкіндігі жолға қойылып, 2014 жылдан бастап оқырмандарға виртуалды анықтама қызметін көрсетіп келеді. Сайтта кітапхана тарихы, кітапханаға келген жаңа кітаптар, жаңалықтар, сонымен қатар «Рухани жаңғыру», өлкетану бағыты бойынша «Алты Алаштың анасы – Сыр елі», Елорда жаңалықтарына байланысты, «Ел жүрегі – Нұр-Сұлтан», «Өлкетану» парақшалары ашылып, кітапханада өткізілген мәдени іс-шаралар мәліметі жарияланды.

Мұнан бөлек кәсіпкерлікті дамытуды қолдау мақсатында «Ауылда ақпараттық орталықтар құру» жобасы арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымы «Даму» бағдарламасының қолдауымен Аққұм, Мәдениет ауылдық кітапханаларында онлайн орталық ашылды. Бұл орталықтың жұмысы өте өзекті, өйткені олар нақтылы және виртуалды режимде халықтың әлеуметтік және экономикалық белсенділігін көтеруге ықпалын тигізеді. Онлайн орталықта компьютер және интернетпен жұмыс негіздері бойынша ақысыз тренингтер, мемлекеттік онлайн қызметті пайдалану жөніндегі семинарлар, қашықтан кеңестер жүргізіледі.

Жалпы кітапхана жұмысында жаңа технологияларды қолдану кітапхана қызметінің сапасын арттырып, оқырмандар санын толықтырып, рухани құндылықтарымызды толықтыруға мүмкіндік береді. Заман талабы да осыны міндеттейді. Электронды кітапхананың дәстүрліден тағы бір тиімділігі – кітаптардың жарыққа жылдам шығуында. Құжаттар мен оқулықтарды электронды жүйеге көшіруді бірнеше жыл бұрын бастағанбыз. Халыққа қызмет көрсетуде өз кәсіби біліктілігін, кітапхана ісін ілгерілетуге С.Шектібаева, Ұ.Нұрымбетова, Р.Қалиева, Г.Әлиасқарова, М.Иманәлиева, А.Көшекбай, А.Әмзеева, Г.Ділдебекова, Ж.Шәймерденовалар үлестерін қосып келеді. Ұжым мүшелері бұл бағытта алдағы уақытта да жүйелі жұмыстар атқаруды мақсат етуде.

– Риясыз өңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Бейбіт күннің бағасы қымбат

Жүрегіңде туған жерге деген ерекше сүйіспеншілік, ұлтына деген шексіз құрметі бар кез келген адам азаттықтың бөрінен қымбат екенін түйсігімен түсіне алады. Ал «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» деген бір-ақ ауыз сөздің астарында қазақ қазақ болғалы бері осы күнге дейінгі бастан кешкендеріміз, ата-бабамыздың асқақ арманы, өткерген нәубетті жылдары, ел басына күн туған шақтағы тектілік ана сүті арқылы қанына сіңген дана халықтың ізгі ниеті жатыр.



Тәуелсіздігін баянды етіп, шекарасын шегендеген қазақ елі бүгінде бейбітшілік пен бірлікті ту етіп отыр. Қара шаңырағында қаншама ұлтты сыйдырып, ата-бабадан жеткен кеңпейілділігін көрсетті. Кеше ғана тұғырлы тәуелсіздігіміздің ордалы отыз жылдығын тойладық. Енді міне, Мемлекет басшысы Ұлытауда өткен құрылтайда Республика күнін атап өтуді ұсынып, мерекелер қатарына қосты. Бұл декларация егемендігімізді бастауында тұрған маңызды құжат екенін тілге тиек еткен Ел Президентінің маңызды мерекенің қайта оралуына себепкер болуы қазақстандықтарды ерекше қуантқаны белгілі. Араға он жылдан аса уақыт салып, лайықты дәрежесіне қайта оралған айтулы мерекенің тәуелсіз ел үшін айшықты әрі айбынды болуы да заңдылық. Қазақстан Республикасының дербес мемлекет атануы жолында өткерген барлық қиындықтар мен қилы кезеңдерді ұмыттырып, азат ел екенімізді және қазақ өз болмысында әрқашан еркін ел болғанын есімізге салады.

Жалпы қашаннан кең даланы қоныс етіп, жұмыр жердің төсінде еркін өмір сүріп келген халық кешегі кеңестік кезеңде біраз тоқырап қалды. Тоқырап қалды дегенде тұрмыстық тоқырау емес, ұлттық салт-дәстүр, құндылық дегендерден қол үзіп қалды деуге болады. Біразы ұмытыла бастады, кейбірі қолданыстан түбегейлі шықты. Біреудің қол астында күнелтсең, өз тарихынды, дініңді, діліңді, тіпті тілінді ұмытатындай халге жететініңді атам қазақ әу бастан білді. Сол үшін бүгінгі ұрпақтың ешкімге жалтақтамай өз жерінде өмір сүруі үшін қазаққа бұйырған сайын даланы қорғауда жан беріп, жан алысты. Біздің ата-бабаларымызда аттың үстінде жауға найза тосқанда, білектің күшімен ұлан-ғайыр даланы сақтап қалуға жанталасқанда да осы ұрпағының азаттықтың арайлы ақ танын көрсін дегені еді. Шүкір, қазір бейбіт заманда, егемен елде өмір сүреміз. Отыз жылдан бері өз шекарамызды бекіттік, туымызды көк аспанда желбіреттік, әлемге тәуелсіздігімізді паш еттік.

Осы уақыттар ішінде жас мемлекетіміз талай асудан асып, биік белестерді бағындырды. Әлемге Қазақстанды танытатын үлкен тарихи оқиғалардың бастамашысы бола білді. Қанатын кеңге жайған жас мемлекет дәуірлік өзгерістерден тайсалған жоқ. Қанында қайсарлық бар текті халық екенін дәлелдеді. Тәуелсіздік – қиындықпен көлген құндылық, мәңгілік ел болуға талпынған халқымыздың мәңгілік мұраты. Ежелден еркіндік аңсаған дана халықтың санғасырлық нәубетінің жемісі. Қазіргі ұрпақ бақыт пен тыныш заманның қадірін біледі. Оңайлықпен келмегенін де сана-сезімімен түйсінеді. Ел болып, қоғам болып осындай бейбіт күннің бедерін сақтап қалуға тырысады. Қазақстан халқы да бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай болып, барлық жерде ынтымағы мен бірлігін танытты. Татулық бар жерде тұрақтылық болатынын, ал тұрақтылық орнаған жерде береке болатынын дәлелдеді. Бауырлас елдер мен көршілес елдердің арасында түсініспеушілік туындап жатса, ынтымақтасуына ұйытқы болып келеді. Қазір дүние жүзі 130-дан астам ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына жұмылдырған мемлекетімізге қызыға қарауының себебі де осы болса керек.

Тарих беттерінен еліміздің талай қиын кезеңнен өткенін байқаймыз. Бар тірлікті жаңадан бастаған мемлекетіміздің алдында көптеген жаңа асуларды бағындыру, заң қабылдау, жұмыссыздықты шешу, тұрғындардың хал-ахуалын арттыру, ел экономикасын дамыту сияқты алуан белестерден алқынбай өту міндеті тұрды. Ең бастысы, халқымыз жасымай, келер күнге үлкен үміт артып, талмай-тынбай өзбектене отырып, осынау қиын жылдарды асқан төзімділікпен өңсере білді. Алауыздықтан ада, бірлігі жарасқан, келешегі кемел Қазақ елі қашан да бейбіт өмірге лайықты.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Мәртебе

Менің байтақ республикам!

Тауды көрсең күн көзімен таласқан,
Аспан көрсең Ай мен Күнге жол ашқан,
Менің байтақ республикам таулары —
Менің көгім мөлдіреген сол аспан.
Дала көрсең көкжиекпен ұштасқан,
Көлді көрсең секілді бір түскі аспан.
Менің байтақ республикам даласы,—
Менің көлім төңізбен қол ұстасқан.
Тұлпар көрсең желден ұшып заулаған,
Сұңқар көрсең бұлтта қанат самсаған,
Менің байтақ республикам тұлпары,—
Менің құсым көктің жүзін шарлаған.

Сырбай Мәуленов



Халқымыздың аяулы ақыны Сырбай Мәуленовтің осы өлеңін мектепте жаттағанымыз есімізде. Оқығанда адам арқаланып, рухы самғап, жаны жалындап, патриоттық сезімі оянып, кеуденді мақтаныш сезімі билейді. Бұл өлеңнің құдіреттілігі сондай, оны жай-барақат, самарқау оқу мүмкін емес.


Оның үстіне биыл 25 қазан ұлттық мереке ретінде 13 жылдан кейін қайта

оралды. Президент Республика күнін атап өту туралы 29 қыркүйек күні заңға қол қойды. Аталған мерекенің мән-маңызы туралы Мемлекет басшысы Ұлытауда өткен құрылтайда нақтылап айтты. Бұл декларация – егемендігіміздің бастауында тұрған маңызды құжат. Декларация қабылданған тарихи кезден бастап тәуелсіздігіміздің тағлымды белестері бастал-

ды. Яғни бүгінгі жеткен жетістігіміз, қазіргі таңдағы кастер тұтқан құндылықтарымыз декларация қабылданған сол бір жарқын күннен бастау алады. Екіншіден, аталған мереке еліміз үшін таңсық емес. 25 қазан 2009 жылға дейін сан-салтанаты жарасып, тойланып келді. Тек «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға өзгеріс енгендіктен, күнтізбемізден түсіп қалғаны белгілі. Енді Президентіміздің пәрменімен аталған айшықты күн лайықты дәрежесінен көрініп, мәртебеге ие болды. Үшіншіден, еліміздің бүгінгі жетістіктерін қадір тұтып, көмел көлешегін көксейтін азамат ретінде осы арнайы мерекеде республикамыздың бағындырған асуын биіктетіп, игерген төлімін тереңдетіп, өрісін кеңейтіп, өнегесін өркендететін шараларға қозғау салатын мерейлі мереке екеніне шүбәсіз сенеміз.

Иә, ұлан-байтақ жерді алып жатқан біздің тәуелсіз республикамыз – бүгінде әлем таныған дербес мемлекет. Бейбітшілік шамшырағын алаулапып жағып отырған еліміз талай өркеніетті елдерге үлгі-өнеге. Тыныштық – қашанда адамзат баласына берген Алланың сыйы! Тәңірім жарылқап, татулық тамыр жайған еліміздің эконикасы,

Ақнұр Бектайқызы



Болмыс

Ғибратты ғұмыр иесі

Мардан Байділдаев 1926 жылдың сәуір айында бұрынғы Сырдария облысы, Ақмешіт уезінің Қышбөгет болыстығының қамтуындағы №5 ауылда, қазіргі Жалағаш ауданы Еңбек» ауылында дүниеге келіп, ұзаққа созылған ауыр дерттің салдарынан 1994 жылдың 5 наурызында Алматы қаласында қайтыс болған. Мардан ағамыздың арғы бабалары және өз әкесі Келдібай Шонымов Кіші жүздің Жетіру тайпасына кіретін Керейт руының Жартай (Бидас) аталығынан шыққан, ескіше оқыған, әділдігімен аты шыққан би болған кісі деседі. Ол 1882 жылы Қышбөгет өңірінде туып, 1946 жылы осы жерде қайтыс болады.

1910-1914 жылдары Келдібай би ауыл старшинасы, халық соты сияқты қызметтердің тұтқасын ұстаған. Ел ішінде әділдігімен көрінген. Керші тайпалар арасындағы орын алған дау-жанжалдарды дұрыс шешуге ұмтылып, елдің тыныштығын, береке-бірлікті ту етіпті.

Оның айқын мысалы, 7-8 жылға созылған Кете Жүсіп пен Қаңлы Жүсіптің айтысы керші жатқан елдерді де шарпып, елдің бірлігіне сызат түсіретіндей жағдайда тұрғанын сезінген билер 1915 жылы екі Жүсіпті Ақмешіт қаласына шақыртып алып, татуластырған екен. «Ел-дестірмек елшіден» дегендей, екі ақынды татуластырған ігі жақсылардың арасында Келдібай би де болған.

Ресей құжаттарының бірінде Келдібай Шонымов туралы оның 33 жаста, шыққан тегі Керейт руынан, Сырдария облысы Перовск уезі Қышбөгет болыстығының №5 ауыл қазасы, үйленген, балалары жоқ екенін хабардар еткен. Келдібай би 1915 жылдан Қышбөгет болыстығының болысы міндетін атқарушы болып қызмет атқарған. 1918 жылы халық оны Қышбөгет болыстығы атқару комитетінің төрағалығына сайлаған. Осындай отбасыдан шыққан Мардан Байділдаев өнегелі де еңбекқор болып өсті.

Келдібай би азан шақыртып баласына Шаһмардан деп ат қойыпты. Шаһмардан деген сөз парсыша «жігіттің сұлтаны, ержүрек» деген мағына береді. Кейіннен, яғни 20-шы жылдардың аяғында Келдібай би «бай» атанып, мал-мүлкі төркіленеді. Оның кіндігіннен тараған ұл-қыздар тоз-тоз болады. Мардан ағамызды 1938 жылы 4 сыныпта оқып жүргенде бидің баласы деп пионер қатарына қабылдамай тастаған екен. Шопақ белсенділердің құдалауынан қорыққан Мәкең әкесінің туған бауыры Байділданың есімін алып, содан бері Байділдаев болып келді. Сөйтіп замандастары оны Мардан Байділдаев деген атпен ғана таныды.

1941-1948 жылдары аралығында М.Байділдаев өзінің алғашқы еңбек жолын туған ауылында қолақшы болып бастап, кейін Ленинград қаласында Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтейді. Әскерден оралысымен 1951 жылы С.И.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, оны бітірісімен 1956-1958 жылдары «Жазушы» баспасында редактор болады. 1958-1986 жылдары аралығында М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болып қызмет атқарған.

Ол кісі өзінің кандидаттық диссертация жұмысын 60-шы жылдарда жазып бітірген болатын. Алайда ұстазы М.Әуезовтың қазасынан соң біраз уақыт жүріңкіреп қалады. Сөйтіп жүргенде ол кісінің өмір бойы зерттеп, жинап, жариялаған тақырыбын өзге біреу қорғап кетеді. Осы оқиғадан кейін ол кісі «Енді маған ғылыми атақ керек емес, осыыз да халық арасындағы абырой-беделім жетеді» деп ғылыми дәрежеге ұмтылуды мүлдем қойыпты.

М.Байділдаев қазақ өнері мен білімінің



М.Байділдаев отбасымен бірге

ордасындай болған М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында жарты ғасырдай еңбек етті. Еңбек етіп қана қоймай, әрбір сағатын, әрбір күнін тиімді пайдалана білді. Бұл орайда оның кейбір замандастарының «Мәкең бір өзі бір ғылыми институттың жұмысын атқарды» деуі өте орынды.

Мысалы, ол кісі 1961-1962 және 1963-1964 жылдардағы аталған институттың Қызылорда облысында ұйымдастырған экспедициясы күндері 31 679 жол өлең, 141 күй мен 180 әннің мәтінін академияның қорына тапсырған және 1978-1979 жылдары Қарақалпақ Республикасы экспедициясының құрамында болып, ел ішіндегі қазақ ауыз әдебиетінің озық үлгілерін жинауға белсене араласты.

М.Байділдаев – XX ғасырдың 50-шы жылдарының аяғына таман Сыр өлі ақындарының шығармашылығын зерттегендердің бірі. Мәкең республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің 1959 жылы 18 маусымдағы санында «Тұрмағамбет ақынның әдеби мұрасы» атты көлемді мақаласын жариялайды. Кейін оны кеңейтіп, «Ақындар творчествосы» атты кітапшасын жазды. М.Байділдаев осы кітабында «...қазақ әдебиетінде бір олқы жатқан жер бар деп айтуға тұрарлық жай ол «Сыр бойының» ақындары» деп аталатын Сыр өлкесіндегі елден шыққан революцияға дейінгі мол ақындар тобы (Тұрмағамбет, Шораяқтың Омары, Қарасакал Ерімбет, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Данмұрын т.б.) Сыр ақындарының бай әдеби нұсқалары, ғылыми зерттеу жұмысына алынбаған, жинақталып бір жүйеге түсірілмеген» деп қынжыла жазып және осы жұмыстың орындалуына белсене кіріскен-ді.

Мәкеңнің терең зерттеуінен кейін көптеген даңғайыр ақын-жыраулар «қайта тіріліп», өз оқырмандарымен қауышты. «Үш ғасыр жырайды» (1965 ж.), «Айтыс» кітабының 2 томын (1965 ж.), құрастырушысы мен «Пернедегі термелердегі» (1965 ж.) ақын-жыраулардың өмір жолдарын дайындаған да М.Байділдаев. Солардың Кеңес армиясы қатарында әскери құрастырған баспаға әзірлеген Мардан Байділдаев» деген жазу бар.

Сол кітаптар қайта-қайта басылып шығып, жүз мыңдаған таралымын оқырманға жол тартты. Қазіргі таңда осы кітаптар баға жетпес қазынаға айналып, өз халқының тарихы мен тағдырына толғанатын, өнері мен өлеңіне тәу ететін әр қазақтың төрінде тұр.

М.Байділдаев көрнекті жазушы, ғалым Мұхтар Мағауинмен бірге «Бес ғасыр жырайды» (1985 ж.) кітабын құрастырып, орыс-кеңес жазушысы М.Шолоховтың «Адам тағдыры» атты әңгімесін және балалар жазушысы А.Гайдардың «Алыстағы елдер» повесін қазақ тіліне аударған.

М.Байділдаев айтыс өнерінің қайта жандануы үшін тер төккен бірден-бір азамат еді. Ол кісі айтысқа түсетін ақындарды іріктеуден бастап, жеңімпаздарға берілетін жүлде, ұйымдастыру маша-

қатына дейін өз мойнына алатын. Ол кезде бүгінгідей бас жүлдеге жеңіп ато-көтелік емес, сәйгүлік берілетін. Алыстан әкелінген әлгі жылқылардың талайы Мардан тұратын көпқабатты үйдің алдындағы ағаштың көлеңкесіне байлана-тын.

М.Байділдаевтың есімін күллі республикаға кеңінен танымал еткен М.Әуезовтың алғы сөзімен шыққан «Рүстем-дастан» (1961 ж.) кітабы. Ол кісі атақты Фирдоусидің «Шахнамасын» Тұрмағамбет Ізтілеуовтың қазақшаға аударған қолжазбаларын талмай іздеп тауып, оны баспаға әзірлеп, түсініктерін жазған.

«1936 жылы шығыс әдебиеті мен тілін жетік білетін Тұрмағамбет ақынның аудармасымен аталған шығарма дүниеге келген болатын. Бірақ түрлі себептердің салдарынан ақынның бұл қымбат қазынасы жарыққа шықпай, жалпы көлемі 40 мың өлең жолынан тұратын жалғыз дана қолжазбасы үшті-күйлі жоқ болып кеткен еді. Алайда Тұрмағамбетке, дәлірек айтқанда, оның әдеби мұраларын тануға ыстық қылаасымен берілген шын жанашыр жандар біздің аразызда бар екен. Соның бірі – бүгінгі әдебиетші-фольклоршы Мардан Байділдаев. Осы ғалымның көп жыл бойы ізіне түсіп, ыждағатты іздеген азаматтық еңбегінің арқасында қолжазбаның қалған жері Қызылорда облысынан табылса, бұл төрт томдық қазынаны 1957 жылдың 15 желтоқсан күні М.Байділдаев сол орнынан қазып алған болатын» деп жазды ғалым-түрколог Ә.Қоңыратбаев өзінің «Қазақ эпосы және түркология» атты еңбегінде.

Талай қандастарымыздың туған жерге бет бұруын сөзінің жеткенінше айтып, ілуде бір келе қалғандары болса теріне шығарып, дәм таттырып, қолынан келгенінше қамқор болғанғаны бірі де, бірегейі де М.Байділдаев еді. Түркия мемлекетінен Қазақстанға қоныс аударған көрнекті дінтанушы-ғалым Халифа Алтай ағамызды ертіп, ашпаған есігі қалмады. Димекөнем (Д.Қонаев) таныстырды. Президент Н.Назарбаевпен жүздесуіне мұрындық болды. Алматыдан теріп алып берді. Азаматтық алуына атсалысты. Ол кісі қолында білгірі бар шөнеуіктердің талайының намысын қажап, «қалыстағы ағайынына қамқор бол» деп ағалық ақшын анытты өтті.

Сонау сексен алтының сойқанды күндерінде алаңға барған жұрт М.Байділдаевты жастардың арасынан көрді. Кейін жазықсыз жазаланғандарды ақтау үшін күрескenderдің қатарынан тағы да көрді.

Түрменің дәмін татып, тектен-текке сотталып келген қазақ жастары Алматы қаласының бұрынғы Парламент үйінің алдында аштық жариялады. Мардан аға ұзақ күн сол жастардың жанында жүрді. Ашығып жатқан жастармен тілдесуге келген Жоғарғы Кеңес депутаттарымен тілдесті. Сөйтіп істің оң шешілуіне, жаппастық жапа шеккен қаншама қыз-жігіттердің ақталуына оң ықпал етті.

Шет елдердегі қандастарымыз арасынан атақты жырыш А.Тасқынбаев, ақын-жыраулар И.Қайруллаев, А.Жал-

ғасбаевтарды т.б. іздеп тауып, олардың еңбектерінің жарық көруіне бел шеше кірісті. Соның нәтижесінде А.Тасқынбаев жырлаған «Абат-Байтақ» жыры және сонау бағзы заманда өмір сүрген Қорқыт ата күйлерін орындаушыларды іздеп тауып, оны алғашқы болып таспаға түсірген де М.Байділдаев еді.

Қорқыт күйлеріне арналып «Елім-ай» атты жинақ шықты. Онда «1975 жылдың шілде айында, арада елу жыл өткеннен кейін, фольклоршы Мардан Байділдаев академик Әлкей Марғұланның жөн сілтеуімен Нышан ақсақалды іздеп тауып, күйші қазынасын алғаш рет магнитофонға жазып алды» делінген.

Сондай-ақ Мәкеңнің қаламынан «Ақын-жыраулар» (1979 ж.) жинағы жарық көріп, ол қазақ жазушыларының 40-тай кітабының жарыққа шығуына тікелей араласты және 40-тан астам ғылыми-зерттеу мақаласын жазды. Ел ішіндегі таланттарды тауып, елге танытты. Олардың бастауында Көшеней Рүстембеков, Алмас Алматыв, Берік Жүсіповтер тұр.

М.Байділдаев 1977 жылы Мәскеуде өткен халық шығармашылығының Бүкіл-одақтық фестивалінде жеңімпаз атанды. Мәкеңнің айлық алып жұмыс жасайтын қызметінен қоғамдық жұмыстары өте кең болды. 1972 жылдан Қазақ ССР Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы, республикалық «Білім» қоғамында, «Жерұйық» тарихи-ағарту қоғамы ұйымдастыру комитетінің мүшесі, «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы төрағасының орынбасары, Алматы қалалық қазақ әдебиеті мен өнері халық университетінің проректоры, Адам құқын қорғау жөніндегі қоғамдық комитеттің мүшесі, соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің, қалалық Журналистер одағының мүшесі бола жүріп, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға, 1937-1938 жылдардың құрбандарын ақтауға белсене араласты.

Мардан ағамыз республикамызда Наурыз мерекесінің кеңінен тойланып, өркендеп өсуіне де үбелі үлес қосты. Ол кісі Жамбыл Жабаевтың 125 жылдығы, Кенен Әзірбаевтың 90 жылдық мерейтойларының өткізілуінің басы-қасында жүрді. 1993 жылдың тамызында Бұқарбай батырдың 180 жылдық мерейтойы шеңберінде Жалағаш ауданында өткен республикалық ақындар айтысының жоғары деңгейде өтуіне атсалысып, әділқазылар алқасының мүшесі болды.

Ие, ел білетін Мардан Байділдаев елгезек, қоғам жұмысы мен халқының тірлігі десе, ішкен асын жерге қотаны марқасқанын нақ өзі болып өтті өмірден. Бәлкім содан кейін де ол кісіні жер қойнына берер ақырғы сәтте, зират басында белгілі шығыстанушы-ғалым, марқұм Өтеген Құмисбаев «Мардан көке, халық үшін сіздің орныңыз бөлек еді» деп бастаған болатын сөзін тоқлып тұрып. «Сізді Қазақстанның қай бұрышында да білмейтін жан жоқ еді. Олар атақ-даңқы аспандаған академиктермен бетпе-бет келсе, танымауы әбден мүмкін, ал сізді бірден теріне оздырушы еді...».

М.Байділдаев аса көпшіл еңбекқор әрі тынымсыз жан еді. Жүздердің алғысын, мыңдардың батасын алды. Ол баладай мінезімен, даладай көңілмен, көпшілдігімен қазақтың есінде қалды. Ол кісі күн-түн демей халқына қызмет етуден бір жалықпады. Жолдың шалғайлығын, сапардың ауырлығын елдекімдер секілді көдергі көрмеді, шалғайдағы ауылдар мен елді мекендерді апталап, айлап жаяу-жалпыға аралап, ғасырлардан-ғасырларға ұласып келе жатқан өрлі өлең, нақыл әдепті сөздерді ауыл карттарынан ауызынан естіп, қаз-қалпында ақ қағаз бетіне түсірді.

Бастаған шаруасын тындырмай тынбайтын сондай еңбекқор азаматтың артықша қасиетін көре білген ұлы Мұхан, Мұхтар Әуезов «Мардан бар жерде құлдың қажеті жоқ» деген екен. Бәлкім Мардан ағамыздың бар кісілік қасиеттері осы сөздерге сыйып кеткен болар...

(Мақала аудандық музей қорындағы деректер негізінде жазылған)

Қарлығаш САҚТАҒАНҚЫЗЫ, «Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану музейі» филиалының экскурсоводы

Білгенге маржан

Тұмаудың алдын алған абзал

Жаз өтіп, күн салқындағанда адам ағзасы әлсіреп, түрлі ауруларға қарсы тұра алмай қалады. Мұндайда әдетте иммунитетті көтеретін дәрумендер қабылдаймыз не болмаса үй жағдайында ем-дом жасаймыз. Емханаға баруға жолыңыз түспей, үй жағдайында денсаулығыңызды қалыпқа келтіргіңіз келсе, халық емінің де пайдасы болады. Әсіресе тұмаудың алдын алу үшін сізге керегі – пияз, аскорбин қышқылы, теңіз тұзы, бал және лимон.

Тұмауды тұншықтырудың ең оңай әрі қарапайым тәсілі – күніне 3 рет 1 данадан аскорбин қышқылын жеу. Канадалық ғалымдар С дәруменіне бай аскорбин қышқылы пайдасының мол екенін дәлелдеп, спортшыларға, физикалық жұмыспен айналысатындарға, ауыр еңбек істейтіндерге ұсынады. Аскорбин қышқылы иммундық жүйеңізді нығайтып, ағзаныңды ауруға қарсы қуаттандырады.

Тұмаумен ауырмау үшін күнде жатар алдында 1 шай қасық таза бал жеңіз. Сонда жетіл мазалмай түңіздің тыныш, ұйқыңыз тәтті болады. Әсіресе бұл ем балаларға көмектеседі. 1,5 литр қайнаған жылы суға 1 шай қасық тұз қосып, ерігенше араластырыңыз. Оған 1 дана лимонның шырыны мен 1 дана аскорбин қышқылын араластырыңыз. Дайын болған емдік сусынды ұйқыға жатардан 1,5-2 сағат бұрын аз ұрттаман тауысыпшесіз. Сонымен бірге 1 ас қасық теңіз тұзы мен 1 ас қасық қызыл бұрышты 1 стақан қайнаған суға салып араластырып ішсеңіз де аурудың алдын алуға болады. Салқындаған кезде жарты стақан алма сірке суын қосып, әр 3 сағат сайын жарты шай қасықтан қабылдайсыз. Артынан 1 стақан жылы су ішуді ұмытпаңыз. Келесі әдісте 1 дана пиязды қабығынан тазартып, қақ ортасынан екіге бөлесіз. Үстіне 1 литр қайнаған су құйыңыз. Сонан соң 1 ас қасық шекер араластырып, тұндырып қойыңыз. Шамамен 20 минуттан соң тұнбаны сүзіп алып, 2 ас қасықтан күніне 3 рет ішесіз.

Нұр НАУАН

Х А Б А Р Л А М А

Жалағаш кенті бойынша жергілікті қоғамдастық жиналыс өкілдеріне!

Жалағаш кенті бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізілетіндігін Жалағаш кенті әкімінің аппараты хабарлайды.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жалағаш кентіндегі көшелерге атау беру туралы ұсыныстарды қарау.

Жиналыстың өтетін күні, уақыты және орны : 18.11.2022 жыл сағат 10.00-де, Жалағаш кенті әкімі аппаратының кеңсе ғимараты.

САҒЫНДЫҚ ӨКЕ ӨЗІНДІ

Алланың өлшеп берген ғұмырын мәнді, мағыналы өткізген адам мәңгілік жасайды екен. Әкеміз Қонысбайұлы Меңленнің бақиға бет түзгеніне де жылға жуық уақыт сырғып кетіпті. Алайда біз үшін әкеміз “тірі”. Ол өлі үшін жасаған жарқын істерімен халқының жүрегінде екінші өмірін бастады. Әкеміз біздің арқа сүйер асқар тауымыз еді. Әкемізден үлгі алдық. Балаларынан маңдай терімен асырап, өсірді және бізге адал еңбекпен ырық теруді үйретті. Бізге әкеміздің әрбір іс-әрекеті мен тағылымды әңгімелері өнеге берді. Әкеміз елдік істерге ерте араласты және ақсақалдық жасында да ағайынға қадірлі, сыйлы болды. Айналасына арналы сөзін айтып, бірлікке ұйытты.

Меңлен Қонысбайұлы 1936 жылы 12 желтоқсанда Жаңаталап ауылында дүниеге келген. Қазалы ауыл шаруашылығы техникумында оқып, мал дәрігері мамандығын алды. Мамандығы бойынша ұзақ жыл абыройлы еңбек етті. Білімді, білікті маман ретінде ауданымыздың ауыл шаруашылығы саласының дамуына зор үлес қосты. Соның ішінде туған ауылында мал шаруашылығының қанат жаюына көп еңбек сіңірді. Ферма меңгерушісі болған жылдары мал тұқымын асылдандыру бағытында нәтижелі жұмыс істеп, өт-сүт өндірісін молайтты. Әкеміз Меңлен мен анамыз Төлген екеуі ұл-қызынан нөмере, шебере сүйді. Шүкір, барлығымыз бүгінде бір-бір отбасының тірегіне айналдық. Әкеміздің ғұмыры артында қалдырған ізі мен ісі арқылы жалғаса береді. Жатқан жайың жарық, топырағың торқа, жаның жәннатта болсын, жан әке! Әкеміз Меңлен Қонысбайұлының жылдық асы (осы жылдың 29 қазаны күні қонаға, 30 қазанда тарқайды) Жаңаталап ауылы, П.Қарақұлұлы көшесі №16 үйде өтетінін барша ағайын-туыс, құда-жекежат, дос-жаранға хабарлаймыз!



Еске алушылар Қонысбаевтар әулеті

Жұмақтан болсын мекенің

Қайран өмір десеңші, көше ғана жадырап жүрген жайсаң жандар бақиға аттанып жатыр. Бұл дүниенің жалғандығын сондай сәтте үңсіз мойындайсың. Біздің аяулы досымыз, он жыл бірге оқып, өмірдің керемет сәттерін бірге өткізген құрдасымыз Нағашыбай Есалиевтен айырылып қалғанымызға да бір жыл болыпты. Зымырап жатқан уақыт-ай десеңші. Жаныңда жүрген жақсының қадірін одан қапыда көз жазып қалғанда білеміз. Біздің сыныптасымыз Нағашыбай өте жайсаң, ақкөңіл, ешкімге артық сөзі жоқ, қарапайым жан еді. Шүкір қылатынымыз, аптал азаматтың артында аяулы жары Жадыра мен 2 ұл, 2 қызы қалды. Көзі тірісінде ұлдарын уяға, қыздарын қияға қондырып, солардың қызығына тоймай, ғибратты өмір кешті.

Біздің досымыз Нағашыбай Сражадинұлы Есалиев 1963 жылы 26 қарашада Арал ауданы Ақбасты елді мекенінде дүниеге келген. Ауылдағы 118 орта мектептен білім алған асыл азамат ұзақ жылдар ауыл шаруашылығы саласында қақырып еңбек етті. Көпшілігіндегі ортаға сыйлы досымыз қашанда өз саласында жиған тәжірибесін кейінгі буынмен бөлісуден шаршаған емес. Керісінше өзі секілді ауыл шаруашылығында білікті кадр қалыптастыруға күш салды. Ардақты жан 2021 жылдың қазан айында жалған дүниеден қош айтысты.

Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа шара жоқ. Тек ендігі уақытта Нағашыбай досымыз хақында өткен шақпен естеліктер айту жанымызға бататыны өкінішті. Дос жүрек сені елді деуге қымайды. Себебі сенің жарқылдап күліп, жанымызда жүріп айтқан әңгімелерің, досқа жомарт ақ пейілдің жадымызда сақталып қалғаны сонша аразызда узап кеткеніне жыл толды дегенге сөне алар емеспіз. Осы кезде көзің тірі болғанда 26 қараша күні 59 жасыңды дүрілдетіп тойлайтын едік. Аман қанша, тағдырдың салған сынағына көнбесе шеарамыз жоқ. Ендігі жерде Алладан медет тілеп, жаның жәннатта, иманың жолдас болсын деп тілейміз. Өзіңе бағышталып оқылған құран қабыл болсын!

Жаратқан ием қолдасың, қайғы енді болмасын. Құранмен қабір нұрланып, Иманың болсын жолдасың!

Еске алушылар сыныптас достары

«eGov mobile»

электрондық үкіметтің мобильді қосымшасы Google Play, AppGallery, AppStore-де жүктеу үшін қолжетімді. Қосымшада ЭЦҚ-мен немесе бір реттік құпия сөз арқылы авторизациядан өтуге болады.

«eGov mobile» мобильдік қосымшасы ЭЦҚ-ны барынша ыңғайлы пайдалануға мүмкіндік береді. ЭЦҚ мобильді қосымшадан санаулы минуттарда ХҚКО-ға бармай-ақ шығарыңыз. Қолда бар ЭЦҚ-ны 4 таңбалы PIN-кодқа және құрылғыңыздың кіріктірілген биометриясына бекітіңіз, сіздің ЭЦҚ таңдауға немесе авторизация және қызметтерді алу кезінде әр жолы құпия сөз енгізуге аланды-мауыңызға болады.

Қосымшаның басты бетінде қосымшамен жұмыс істеу бойынша пайдаланушыға арналған қысқаша нұсқаулар болады. Нұсқау-лықтар әлеуметтік желілер бойынша пайдала-нушыларға таным тарих түрінде орындалған.

QR сканерінің тіімділігіне көлсек, сканер-леу арқылы QR код жетімді. «egov.kz» сайтта қосымшадағы QR кодын сканерлеу арқы-лы авторизациялану және қызметтерге қол қоюға, ХҚКО қызмет көрсету үшін мемле-кеттік баж салығын төлеуге, сондай-ақ QR кодыт сканерлеу арқылы "Цифрлық құжат-тар"сервисінде үшінші тұлғаның құжатын көруге рұқсат алуға болады.

Электронды қызмет – заман талабы

«eGov mobile» ҚР мемлекеттік органдарының сервистерін шақыру арқылы қолже-тімділік бөлінген құжатты жүктейді. Өзінің цифрлық құжаттарына қолжетімділік ұсына-тын пайдаланушы үшін "Цифрлық құжаттар-ға" кіріп, қажетті құжатты ашып, "Қол жеткі-зуді ашу" батырмасын басу жеткілікті, содан кейін үшінші тұлға бір реттік сканерлеу үшін қолжетімді бірегей QR-код жасалады.

«Цифрлық құжаттар» – «eGov Mobile» қосымшасында жеке электрондық құжат-тарды сақтау сервисі. Сондай-ақ сервис аза-матқа оның келісімі бойынша үшінші тұлға-ларға құжаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Электрондық еңбек біржасы» – жұмыс іздеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін жұмысқа орналастыру бойынша бірыңғай цифрлық алаң. Осы сервис арқылы сіз «Денсаулық паспорты», яғни емделушінің денсаулық жағдайы туралы құрылымдалған ақпарат, сондай-ақ медициналық ұйымға тіркелу деректері, диспансерлік есепке алу, стационарлық деректер, зертханалық зерт-теулердің нәтижелері және т.б. сақталатын құжатты IOS-тағы «Денсаулық» бағдарлама-сына түсіру мүмкіндігі бар клиникалық құжат-ты алуға қол жеткізесіз.

«Зейнетақы калькуляторы» сіздің бола-шақ зейнетақы төлемдеріңіздің болжамды мөлшерін есептеуге мүмкіндік береді. «Ха-барламалар» бөлімінде сіз қызметтер мөр-тебесінің өзгеруі туралы барлық хабарлама-лар мен ақпараттық хабарламаларды көре аласыз.





Маңызы артқан мереке

Әлі күнге өз шекарасы жоқ елдер бар. Ол елдер өздерінен зор елге бодан болып, бұғауында булығып отыр. Шекарасын шегендеп алған елде арман бар ма?! Қай ұлт та өзінің азаттығын, тәуелсіздігін, еркіндігін өз шекарасының ішінде ғана сезінеді. Өз шекарасының шеңберінде тұрған ел ғана өз алдына дербес республика атанады.

Қазақ халқының шекаралық бөлінісін әу баста Жаратқанның өзі сызып, белгілеп қойыпты. Иә, Жаратқанның өзі. Сондықтан ғой, бабаларымыздың “Алланың сол аманатын қорғаймыз, ұлтарайтай жерімізді жатқа бермейміз” деп қасық қаны қалғанша жаумен жағаласып өткені. Қазақтың киесі де, қасиеті де, тіпті кеудесін көрнеп атойлаған абадан рухы да атамекенінде, кіндік қаны тамған жерінде жатыр. Жерінен айырылса, құнына бас тігілмейтін сол қымбатының барлығынан айырылатынын білген бабаларымыздың найзасының шашағы қанмен, төбигісі термен шіріпті.

Ресми түрде республика атауын иеленбеді демесек, төрт бүйірі төрт мемлекетпен шектесетін қазақ даласының ықпалынан өзіне бағынышты территориясы болғанын Құдай қосақтаған көршілеріміз ашық мойындай қоймаса да, тарихымызда тайға таңба басқандай көрсетілген. Қазақтың жазиралы даласы мен мемлекеттік шекара жайында сөз болғанда ертеректе досыман естіген мына әңгіме есіме түседі.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еліміздің минералдық-шикізат көшеніндегі серіктес кәсіпорындарының бірі – “Казгермунай” онтүстік, батыс өңірлердегі кеніштерді барлап, бұрғылап, мұнай-газ өндірісін игергенін білеміз. Осы бірлескен кәсіпорының шетелдік жұмысшылары бірде Алматыдан Атырауға бағыт алған пойызға отырыпты. Отарба орнынан қозғалғаннан бір тәулік жүріп, кезекті бекетке аялдапты. Бір күн, бір тұн бойына қазақтың көм байтақ даласының дидарын терезеден тамашалап, табиғатына таңдай қағып, тамсанып келе жатқан немістер қасындағылардан «Кешелі жүріп өткен жердің барлығы Қазақстанның аумағы ма?» деп таңырқай сұраған олар (немістер) жергілікті жолаушылардан: «Сіздер диттеген жерлеріңізге дейін (Атырауға дейін) әлі екі тәулік жүл жүресіздер» деген жауап естігенде шалқасынан түсіпті. Сөйтсе, алақандай жерге орналасқан Германиядағы жолаушы тасымалдайтын кез келген транспортта жатын орын болмайды екен ғой. Ол жақтағы пойыздың



өзі айналасы екі-үш сағаттың ішінде Германияның мына шетіне, ана шетіне шығып, басқа мемлекеттің шекарасына түмсық тірейтін көрінеді. Мұндай қысқа уақытта жолаушылар пойыз ішіне қона жатып ұйықтамақ түгіл, қалғып та үлгермейтіні белгілі ғой.

Дүниежүзінде жерінің кеңдігі жөнінен тоғызыншы орында тұрған Қазақстан республикасының аумағына бес бірдей Франция сияды деген факт де жеріміздің кеңдігімен мақтану үшін айтылып жүрген жоқ. Иә, рас, Қазақстан Республикасы дегенде, әлем елдерінің есіне ең алдымен біздің асты-үстіне байлық тұнған Алтайдан Атырауға дейін созылған байырқалы байтағымыз түсетіні сөзсіз. Алайда жер көлемінің кез келген республика үшін басқа да ерекше маңызы бар...

Енді осы республикаға қатысты мерекеге келейік. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздікке тәуекел еткен тұңғыш батыл қадамы еді. Сондықтан құнды құжат қабылданған 25 қазан атаулы күндер қатарына енді. «Республика күні» 2001–2009 жылдары аралығында Тұңғыш Президенттің Жарлығымен ресми түрде мемлекеттік мереке ретінде аталып өтілді. Алайда бұл күн 2009 жылдан бастап жоғары биліктің бір білгенімен һәм қалың бұқараға белгісіз сөйбелен мемлекеттік мереке ретінде де, атаулы күн ретінде де күнтізбе бетінен түсіп қалды. Бірақ халық ол күнді ұмытқан жоқ. Ресми аталып өтілмесе де, 25 қазан айтулы, қастерлі күн болып ел тұрғындарының жүрегінде қалды.

Міне, араға он үш жыл салып бұрынғыдай мемлекеттік мереке емес, ұлттық мереке болып маңызы артып оралды. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы биылғы маусым айында өткен ұлттық

құрылтайдың алғашқы отырысында айтты. «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның 25-і күні жыл сайын егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек» деді Президент. Сонымен бірге Мемлекет басшысы өз сөзінде мемлекеттік мереке болып қалатын Тәуелсіздік күнінің бас-тапқы мені сақталатынын және бұл күн азаттыққа ұмытылып, елдің ертеңі, ұрпақтың еркіндігі жолында жанын піда етіп, тәуелсіздікке қол жеткізуге зор үлес қосқан боздақтарға тағзым ету күні ретінде атап өтілетінін де жеткізді.

Қоғам белсенділері осыдан бірнеше жылдан бері еркіндік аңсаған жазықсыз жастардың қаны төгілген Тәуелсіздік күнін аза тұту күні ретінде белгілеп, құнды құжат қабылданған 25 қазанды Тәуелсіздік күні мерекесі ретінде атап өтуді ұсынып келе жатқанын білеміз. Бұл тақырып баспасөз беттерінде жиі жарияланып, әлеуметтік желілерде де көпшіліктің қызу талқысына түсіп еді.

Сонымен Республика күні Ұлттық мереке болып еліміз үшін ең маңызды күн ретінде күнтізбеге қызыл санмен және қызыл көріппен таңбаланды. Дәл осы күн қазақстандықтар бір күн демалады және осы ұлттық мереке қарсаңында республика бойынша барлық өңірлерде ұлттық маңызы бар іс-шаралар өтеді.

Кешө үй тапсырмасын үнісіз орындап отырған екінші сынып оқитын балам: – Әке, республика деген не, – деп сұрады. Сұрағынң ауанынан байқадым, мұғалімі Ұлттық мерекеге байланысты тапсырма берген сияқты. «Республика деген – біздің еліміз, мемлекетіміз» деп түсіндірген болдым тосынан қойылған сұраққа қапелімде баланың ұғымына сіңімді басқа жауап таппай. «Ал мемлекет деген не?

Бізге бүгінгі сабақта апайымыз республика күніне сурет салыңдар деді. Мен не саларымды білмей, таудың, өзеннің, орманның суреттерін салдым. Міне, қараңызшы» деп сурет дәптерін көрсетті. Тамылжыған табиғаттың суретін қызылды-жасылды қылып баттастырып бояпты. Бір жерден көшіргенін елде ойынан салғанын білмедім, әйтеуір көгілдір ашық аспан, күлімдеген күн, бөктері қарағайға толы биік таулар, таудан төмен құлаған мөлдір бұлақ, жағасы жасыл құрақ, төрт түліктің төлдері, киіз үйлер маған ұнады. Қарап отырсам, суреттің тұла бойы – Республиканың атрибуттары. Балам, республика деген міне, осы ғой! Республика – тауың, теңізің, өзен, көлің, шөлің, қалаң, далаң және сол даладағы байлығың. Өзінің шекарамен бекіткен жері жоқ халықта республика да болмайды» дедім қуанып кетіп. Сәл ойланып отырып: – Әке, онда біздің республикамыз өте үлкен әрі бай екен ғой, – деді балам мақтанышпен...

Әлеуетті бір ел бейбіт, бейқам тіршілік көшіп жатқан екінші елдің шекарасынан сығалап қарап, жеріне көз алартып отырған тіпті шекарасын бұзып кіріп, соғыс ашып, ойран салып жатқан бүгінгі күні еліміздің тыныштығы жерімздің территориялық тұтастығына, қауіпсіздігіне тікелей байланысты. Өйткені біздің тауымыз, көліміз, шөліміз, шалқар теңізіміз, тіпті өзіміз де қалғып жатырмыз. Балам айтқандай, республикамыз өте үлкен, бірақ, сол елдің тұрғыны, яғни жердің иесі аз. Иесі жоқ жердің, киесі де жоқ. Республика жайындағы мақалалардың басын топырағынан ұшқан тозаныңның өзі қастерлі жерімізден бастағанымыздың да себебі осы еді.

Қуат АДИС

Құттықтау!



Бейсенбаевтар шаңырағында ұлан-асыр той. Отбасының қос бөйтерепі Асылбек Бейсенбаев пен Тұрғанқұл Омарова құрметті зейнет жасына жетті. Ал ата-әжесінің сүйікті немересі Асылбек Сұңғат сүндетке отырды. Қос тойы қабат келген Бейсенбаевтар отбасын шын жүректен құттықтаймыз.

Ата-анам – жүрегімде жүрген есім, Қуанышқа Ай менен Күн бөлесін. Зейнет жасқа жеттіңдер қол ұстасып, Өмірдің бағындырып бір белесін.

Болсыншы жасың ұзақ, басың да асқақ, Тұрсыншы дұшпан жасып, досың қостап. Өмірдің керуенін ұзартыңдар, Немере, шөберенің көшін бастап.

Өздерің барда көлер бізге де құт, Тұрсыншы көктем лебі күзден есіп. Шөпшектің қолынан да су ішіңдер, Аман-есен жастарың жүзге жетіп.

* * *

Сұңғат, сен де жасадың беске қадам, Таңға жетсін нәсібің көштен аман. Көгереді, көктейді өркен жайып, Бата мен алғыс алып өскен адам.

Біліпбей қуанышпен күн де өткені, Ата-әженнің көбейді дүрмектері. Бүгін сен мұсылмандық жолға түстің, Ата-анаң үміт артып сүндеттеді.

Нәсердей көк аспаннан жауған құйып, Көкөйсінк кеуденге аппақ арман жиып. Ат үстінде жүрсең де халқыңменен ардан төмен, болғайсың таудан биік.

Ізгі ниетпен балалары

Өнеге

Қыз өссе, елдің көркі

Халық даналығында «Қыз өссе, елдің көркі, гүл өссе, жерді көркі» деген тамаша нақыл бар. Қыз бала елдің көркі болып қана қоймай, оның тәлімі мен тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген халқымыз, аруларды адамгершілікке, ізгілікке, имандылыққа, әдептілікке, мәдениеттілікке, сұлулық пен сымбаттылықа баулып отырған.



Қазақтың салт-дәстүрін сақтаған өз аналарды көркем әдебиетте дәріптеп, күні бүгінге үлгі-өнеге етіп жеткізген. Зерә әжелеріміз, Домалақ аналарымыз ақжаулықты аналардың символы іспеттес. Ал батыр Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметованың өнегелі шығармалары әр бұрымдының сүйіп оқитын туындысына айналса нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Әсіресе тағылымды басқосұлардан қаракездердің тәлім алары анық. Аққұм ауылдық округінде өткен «Қыз өссе, елдің көркі» тақырыбында дөңгелек үстел осындай әсерлі шараның бірі болды.

Аталған басқосуға жастар, ауыл тұрғындары қатысты. Тәлімі мол шараға арнайы «Алтын алқа» иегерлері Алтынқұл Құрманова, Күмісқұл Арыстанова және «Еңбек Ері» Бағдауұл Құлмаханова қатысып, еліміздің бүгіні мен болашағы, қазіргі қоғамдағы әйелдердің рөлі, алатын орны туралы көңінен әңгіме өрбітті. Қонақтар өз тарапынан ұлттық ұстанымдарды қастерлеу, қазақы салт-дәстүрді дәріптеу, әйелге тән нәзік болмысымызды сақтау сынды қастерлі құндылықтарды дәріптеді.

– Біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар – болашақ жар, ақжаулықты ана, шаңырақтың шырақшылары. Халқымыз қыз баланы ерекше қадірлеп-құрметтеген. Бойжеткен ғана емес, жалпы әйел заты – қоғамның теңқұқылы мүшесі, ал ана – оның ең ардақты тұлғасы. Олар жасөспірім шақтан отбасында саналы тәрбие, сапалы білім алып, қоғамның жеке дербес тұлғасы ретінде қалыптасып, келешекте білікті маман болып, елінің дамуына өз үлесін қосатын азаматшалар атануы тиіс, – деді ардагер Бағдауұл Құлмаханова.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Газетіміздің келесі саны 27 қазан, бейсенбі күні шығады

Естелік

Біздің ел бақытты, біздің ел осындай

Бала күнімізде мектеп қабырғасында жүріп патриоттық сезіммен асқақтата шырқайтын «Менің Қазақстаным» әнін жаттамаған адам кемде-кем шығар. Кеңес дәуірінде бұл керемет әнді қазіргідей жүрегімізге қолымызды қойып орындамасақ та, бұл ән көпшіліктің жүрегін қозғап, елге, туған Отанға деген махаббатымызды, іңкәрлығымызды оятқан болатын. Мектеп қабырғасында салтанатты жиындарда осы бір жүрек толқытар ән жиі шырқалатын.



Алтын күн аспаны, Алтын дән даласы, Ерліктің дастаны, Еліме қарашы! Ежелден ер деген, Даңқымыз шықты ғой. Намысын бермеген, Қазағым мықты ғой! Менің елім, менің елім, Гүлің болып егілемін, Жырың болып төгілемін, елім! Туған жерім менің – Қазақстаным! Шәмші Қалдаяқов пен Жүмекен Нәжімеденовтің осыдан жарты ғасыр шамасы бұрын жазылған «Менің Қазақстаным» әні уақыт сынынан өтіп, халықтың

қалауымен 2006 жылдың қаңтарында дүйім қазақ елінің Әнұранына айналды. Ән өлеңнің мәтініне уақыт пен тәуелсіздік талабына сай тиісті өзгерістер енгенінен хабарлағмыз. «Менің Қазақстаным» әні – бір замандағы «Елім-ай» сияқты, дәуір тудырған тағдырлы ән.

Жүмекеннің өмірлік жары Нәсіп апайдың айтуынша, «Менің Қазақстаным» әні мәтінінің екі шумағы Қарағандыда 1956 жылы жазылыпты. «Алтын күн аспаны, Алтын дән даласы» деп басталатын бұл шумақтар сарғыш тартқан парақтарда Жүмекеннің Мәскеуден әкелген болашақ туымыз түстес көгілдір шабаданында Нәсіп сыйлаған кестелі ақ орамалмен

бірге сақталыпты. Ал көп уақыт айтылмай жүрген үшінші шумақты Нәсіп апай қазақ радиосының алтын қорынан 2001 жылы жаздырып алған «Айнала жарасам, Асықты жүрегім. Заманға жарасам, Жарасып тұр елім. Біздің ел орденді, Көтерді туларын. Елмен ол тербелді, Тербеле жырладым». Ең ғажабы – Шәмші мен Жүмекендей қос таланттың консерваторияға бір жылы түсіп, қазақтың рухын асқақтатар ғажайып ән туызығаны. Ғажал ән қазақ радиосынан алғаш рет 1959 жылы орындалған. Әннің қаиырмасында ақын «Мына ел мен жер маған тән, менікі» дейді. Ән мен әуен үйлесе құйылып, осынау ел мен

Телефондар:
Бас директор:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.43.10318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ